



Бекітемін:
"Қарлығаш" бобоев-жой-балабақшасының
меңгерушісі Г.К.Мурзабаева

Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің
2025-2026 оқу жылына арналған жоспары

РН	Іс -шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Қамқоршылық кеңес отырысы №1 1. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес балабақша жанынан қамқоршылық кеңесін құру. ережесімен танысу 2. Қамқоршылық кеңес төрағасын сайлау. 3. Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту. 4. 2025-2026 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жұмысын талқылау	25.08.2025	Балабақша меңгерушісі, әдіскер, Қамқоршылық кеңес мүшелері.

2	<p>1. Мектепке дейінгі ұйымдардағы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау, балаларды балабақшаға қабылдау тәртібі.</p> <p>2. 2025-2026оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарының қойылатын мақсат-міндеттерімен таныстыру.</p>	24.10.2025	Балабақша меңгерушісі, әдіскер. Қамқоршылық кеңес мүшелері.
3	<p>1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау.</p> <p>2. Балабақшада жүргізілетін науқастандудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу.</p>	24.02.2026	Балабақша меңгерушісі, әдіскер. Қамқоршылық кеңес мүшелері.
4	<p>1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларын ұйымдастыру.</p> <p>2. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларын ұйымдастыру туралы, бірлесе өткізуді жоспарлау.</p> <p>3. 3. Қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп беру.</p>	29.05.2026	Балабақша меңгерушісі, әдіскер. Қамқоршылық кеңес мүшелері.

**Жетісу облысы білім басқармасының
Кербұлақ ауданы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш»
бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны**

« 11 » 09.2025 ж

Бұйырық № 20

Қоғалы ауылы

Қамқоршылық кеңес құру туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, мектепке дейінгі ұйым қызметін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес және ата-аналар қоғамдастығымен ынтымақтастықты нығайту мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепке дейінгі ұйымның қызметіне қолдау көрсету, тәрбиеленушілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, ата-аналармен байланыс орнату мақсатында **Қамқоршылық кеңес құрылсын.**
2. Қамқоршылық кеңестің құрамы төмендегідей бекітілсін:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:







Ауылдық қамқоршылық кеңес мүшесі: Ли Галина Сергеевна

Кеңес мүшелері:

1. ИП «Шынар» дүкенінің иесі: Жансултанова С.М
2. ИП «Елисар» дүкенінің иесі: Ниетбаева Г.М
3. «Балапан» кіші тобының ата-аналар комитетінің төрағасы: Кожагулова А.Т
4. «Қарлығаш» ортаңғы тобының ата-аналар комитетінің төрағасы: Манарбекова М.М
5. «Күншуақ» ересек тобының ата-аналар комитетінің төрағасы: Абдрахман А.М
6. Қамқоршылық кеңес өз жұмысын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізісін.
7. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.
8. Осы бұйырықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Менгеруші:  Г.К.Мурзабаева

Қамқоршылық кеңес төрағасы  Ли Галина Сергеевна

- мүшелері:
1.  Жансултанова С.М
 2.  Ниетбаева Г.М
 3.  Кожагулова А.Т
 4.  Манарбекова М.М
 5.  Абдрахман А.М
 6.  Кожекенова А.М.

**«Қарлығаш» Бөбекжай-балабақшасы МКҚК
«Қамқоршылық кеңес» отырысының**

Хаттамасы №1

Өтілген күні: 24.09.2025

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес балабақша жанынан қамқоршылық кеңесін құру, ережесімен танысу.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын сайлау.
3. Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту.
4. 2025-2026 оқу жылына қамқоршылық кеңесінің жұмысын талқылау.

Тыңдалды:

1-мәселе: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г. К. Мырзабаева Қ.Р. Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме берді. Кеңес мүшелері ережемен танысып, бірауыздан мақұлдады. Балабақшадағы құрылып отырған қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне әрбір топтан бір ата-ана, жергілікті атқарушы органдардан өкілмен келісім беріп отырғанын айтты.

2-мәселе: Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан төраға сайлау қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп, қамқоршылық кеңесінің төрағасына Л. Г. Сергеевна ұсынылды. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып балабақша тәрбиешісі А. М. Кожекенова тағайындалды.

3-мәселе: Көпшілік дауыспен қамқоршылық кеңестің құрамы бұрынғы қалпында қалдырылды. Кеңес мүшелеріне жоғары айтылған: «Шынар» дүкенінің басшысы С. М. Жансултанова, жеке кәсіпкер Г. М. Ниетпаева, «Құлыншақ» тобының ата-ана комитеті А. Т. Кожагулова, «Қарлығаш» тобының ата-анасы М. М. Манарбекова, «Балапан» тобының ата-анасы А. М. Абдрахман қалдырылды.

4-мәселе: Төртінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгеруші Г. К. Мырзабаева қамқоршылық кеңесінің жұмыс

жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасын сияқты мәселелерді қоюға болатынын мәлімдеп, тайлы ұсыныс айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. Келесі отырыста балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді, оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспары мен қойылатын мақсат-міндеттерімен танысу мәселелері қаралатын болса, одан кейінгі отырыста тамақтануды ұйымдастыруды бақылау, балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бағытында жұмыстармен танысу, бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысу, түзету-дамыту жұмыстарының барысы, жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен танысу, жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс-шаралардың бірлесе өткізуді жоспарлау, қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп беру сияқты мәселелер қарастырылатын болды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Шешімі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес балабақша жанынан қамқоршылық кеңесі құрылсын, ережесімен таныстырылсын.

2. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің ұсынысы бойынша төраға болып Л. Г. Сергеевна сайлансын.

3. Кеңес құрамына төмендегі тұлғалар бекітілсін:

- ЖК «Шынар» дүкенінің басшысы – С. М. Жансултанова
- Жеке кәсіпкер – Г. М. Ниетпаева
- «Құлыншақ» тобының ата-ана комитеті – А. Т. Кожалулова
- «Қарлығаш» тобының ата-анасы – М. М. Манарбекова
- «Балапан» тобының ата-анасы – А. М. Абдрахман

4. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарға сәйкес жұмыс жоспары бекітіліп, жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  Л. Г. Сергеевна

Хатшы:  А. М. Кожекенова





**«Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасы М.Қ.Қ.К.
«Қамқоршылық кеңес» отырысының**

Хаттамасы №2

Өтілген күні: 25.11.2025

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Мектепке дейінгі ұйымдардағы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау, балаларды балабақшаға қабылдау тәртібі.
2. 2025-2026 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарының жобасымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен таныстыру.

Тыңдалды:

Тыңдалды 1-мәселе: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі **Г. К. Мырзабаева** балаларды балабақшаға қабылдау тәртібі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 9 маусымдағы №254 бұйрығына және «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 18 қарашадағы №464 бұйрығына сәйкес «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» бойынша жүзеге асырылатынын айтты.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы **Л. Г. Сергеевна** балаларды балабақшаға арнайы ата-аналар электронды сұраныс жіберген кезде балабақша әдіскерімен бірге қамқоршылық кеңесінің мүшелері қатысып кезекті балалардың жіберілуін бақылағанын айтты. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балабақшаға балаларды қабылдау өз заңдылығына сәйкес жүргізілгенін атап өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту және жетілдіру барлық үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болғандықтан, еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Тыңдалды 2-мәселе: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері **Ш. К. Құттыбаева** оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарының жобасымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен таныстырып өтті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға

арналған мемлекеттік бағдарламасы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен айқындалған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінің, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының негізгі міндеттері орындау мақсатында келесі оқу жылында мектепке дейінгі ұйымның таңданды дамыту, қиял белсенділігіне, ойынға жағдай жасау, пайдалы және құнарлы, тамақтандыру, достық қарым-қатынас орнату арқылы қамтамасыз ететін ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз ететін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығымен бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Балаларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу, патриоттық, рухани және адамгершілік сезімдерін қалыптастыру, балалардың ерте дамуы үшін әлеуметтік дағдылар мен өздігінен үйрену дағдыларын дамыту, балалардың дарындылығы мен жеке қабілеттерін дамытып балаларды мектепке дайындау.

Жаңа оқу жылына қойылатын мақсаттар мен міндеттер:

Мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балалардың дағдыларын ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастырып, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Балаларға қауіпсіз дамытушы орта құрып, ойын технологиялары арқылы балалардың коммуникативтік, физикалық, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру;
- «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде ұлттық мұраны қастерлеу, қазақ тілін, салт-дәстүрді құрметтеп, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.
- Балабақша мен ата-аналар ынтымақтастығын арттыру.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

Шешімі:

1. Мектепке дейінгі ұйымдардағы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау, балаларды балабақшаға қабылдау тәртібі қанағаттанарлық деп бағаланып, жұмыс сол қарқынмен жалғастырылсын.
2. 2025-2026 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарының жобасымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен таныстырылып, жұмыс жоспар бойынша жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Л. Г. Сергеевна Л. Г. Сергеевна

Хатшы: А. М. Кожекенова А. М. Кожекенова





«Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

«Қамқоршылық кеңес» отырысының

Хаттамасы № 3

Өтілген күні: 12.01.2026

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау.
2. Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу.

Тыңдалды 1 мәселе:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Б. М. Бүкейбаева сөз алды. Медбике балабақшадағы тамақтануды ұйымдастырудың жай-күйі туралы баяндады. Ол атап өтті: ас мәзірі апталық және айлық жоспарға сәйкес құрастырылған, дәрумендер мен микроэлементтер бойынша теңгерімі сақталады.

Тағам сапасын бақылау күнделікті жүргізіледі: температура режимі, тағамның сыртқы түрі, иісі, сақтау мерзімі тексеріледі. Ас блогында санитарлық-гигиеналық талаптар қатаң сақталады. Тамақ өнімдерінің сапасы, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру шарттары белгіленген талаптарға сәйкес келеді. Ас блогында жылдық тазалау кестесі бар, жабдықтар мен ыдыстарды дезинфекциялау жүйелі түрде жүргізіледі.

Балаларға арналған тағамдар арнайы аспаздармен дайындалады, тамақтану режимі жас ерекшелігіне сай, уақытында өткізіледі. Тексеру барысында балалардың тамақтану сапасы талаптарға сай анықталды. Күнделікті мәзір перспективалық мәзірге сәйкес. Тамақтану арасындағы аралық және топтар бойынша тамақтану кестесі сақталған.

Қоймада тамақпен байланысты емес тауарлар сақталмайды. Тоңазытқыш жабдықтарының термометрлерінің таңбалары бар, санитарлық талапқа сай. Тоңазытқышта тыйым салынған тағамдар мен өнімдер жоқ.

Тыңдалды 2 мәселе:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Б. М. Бүкейбаева балабақшада науқастанудың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Күн сайын таңертеңгі сүзгі жүргізіледі: дене қызуы өлшенеді, жалпы жағдайы тексеріледі. Ауру белгілері бар балалар уақытша оқшауланып, ата-анасына хабарланады. Санитарлық-

гигиеналық талаптар қатаң сақталады: топ бөлмелері күн сайын желдетіледі, ылғалды тазалау жүргізіледі, ойыншықтар дезинфекцияланады, төсек-жабдықтары уақытылы ауыстырылады.

Дене шынықтыру және сауықтыру шаралары жүргізіледі: таңертеңгі жаттығулар, қимылды ойындар, таза ауадағы серуендер, су және ауа процедуралары. Жұқпалы аурулар анықталған жағдайда карантиндік шаралар енгізіледі, байланыста болған балалар бақылауға алынады. Ата-аналарға аурулардың алдын алу және балаларды шынықтыру жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді:

С. М. Жансултанова: Балаларға ұсынылатын тамақ мәзірі әртүрлі және дәрумендерге бай. Тағамның сапасы жақсы, дәмі жақсы. Асхананың, тағамдардың алдын алу арасында инфекциялық аурулардың алдын алу үшін қажетті санитарлық-гигиеналық шаралар күнделікті, қол жуу, бөлме желдету және ойын алаңдарын дезинфекциялау қатаң бақыланады.

А. Т. Қожағұлова: Балалардың тамақтану тәртібі ұйымдастырылған, тәрбиешілер балалардың жеке талғамына деген талғамына көңіл бөледі. Жыл сайынғы тағам сапасын тексерулердің нәтижелері жақсы.

М. М. Мұқатай: Сауықтыру шаралары тиімді: гимнастикалық жаттығулар, таза ауада серуендеу, витаминдік қабылдаулар. Балалар арасында науқастанудың алдын алу шаралары жүйелі түрде жүргізіледі, тәрбиешілер профилактикалық жұмыстарға белсене қатысады. Балаларға арналған профилактикалық іс-шаралардың жоспары нақты бекітілген.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау «қанағаттанарлық» деп бағалансын, медбике тарапынан тұрақты бақылау жұмыстары жалғасын тапсын.
2. Балабақшада баланың науқастануының алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  Л. Т. Сергеевна

Хатшы:



А. М. Кожекенова



«Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

«Қамқоршылық кеңес» отырысының хаттамасы № 4

Өтілген күні: 26.03.2026

Қатысқандар: қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған бюджет қаражаты мен ата-аналар жарналары бойынша қаражаттың атқарылуы туралы басшы мен есепшінің есебі.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелері мен ата-аналар қауымының жаңа жылдық ,
3. «8 Наурыз», «Наурыз» мерекелерге қатысуы

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Г. К. Мырзабаева сөз алды. Балабақшада жалпы бір айлық тамақтану ақысы ересек топта және орта топта — 18 600 (он сегіз мың алты жүз) теңге, кіші топта — 16 100 (он алты мың бір жүз) теңге болды. Ай сайын ата-аналар келісімшарт бойынша айдың 3-не дейін тамақтану төлемін жасап болуы керек.

Одан бөлек, мектепке дейінгі ұйымдардағы жекелеген санаттағы тәрбиеленушілерге тамақтандыруды ұйымдастыру туралы әдістемелік ұсынымдар негізінде тоқсан (квартал) сайын тегін тамақтануға өтініш берген ата-аналар саны — 2. Олар: кіші топ тәрбиеленушісі Звягина Виталина мен орта топ тәрбиеленушісі Сүйірбек Ақнұр. Жинақталған құжаттар бойынша тәрбиеленушілер тегін тамақтанады, яғни мемлекет тарапынан бұл балалардың тамақтануына келген күндеріне 100% қаржы аударылады.

2-мәселе бойынша: Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Л. Г. Сергеевна сөз алды. Балабақшада ата-аналармен ынтымақтастық негізінде «Жаңа жыл», «8 Наурыз», «Наурыз» мерекелеріне барлық топтарға ата-аналар елігіп, қатыстырылды. Жаңа жыл мерекесіне орай ата-аналар балаларға өз демеушілігімен сыйлықтар ұйымдастырып берді. Наурыз

мерекесіне балаларға ұлттық құндылықтарды сіңіру мақсатында ұлттық тағамдардан дастарқан жайылды. Жалпы ата-аналар мен балабақшаның ынтымақтастығы әлі де жалғасын табады деп үміттенеміз.

Шешім қабылданды:

4. 2025-2026 оқу жылына арналған бюджет қаражаты мен ата-аналар жарналары бойынша қаражаттың атқарылуы туралы басшы мен есепшінің есебі «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
5. Қамқоршылық кеңес мүшелері мен ата-аналар қауымының ертеңгіліктерге және мерекелерге қатысуы және ұйымдастыру жұмыстары жалғасын тапсын.

Қамқоршылық кеңесінің
төрағасы:



Л. Г. Сергеевна

Хатшы:



А. М. Кожекенова



**«Қарлығаш» бобекжай-балабақшасының «Қамқоршылық кеңес» отырысының
хаттамасы № 5**

Өтілген күні: 20.05.2026

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі шынықтыру шараларын ұйымдастыру.
2. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі іс-шараларды ұйымдастыру, тәрбиешілермен ата-аналармен қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесе жоспарлау.
3. Қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп беру.

Тыңдалды:

1-мәселе: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі **Г. К. Мурзабаева** жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың денсаулығын нығайту мақсатында ұйымдастырылатын шынықтыру шаралары туралы баяндады. Атап айтқанда: таңғы жаттығулар, таза ауадағы қимылды ойындар, су және ауа процедуралары, дене шынықтыру іс-әрекеттері, эстафеталық ойындар, ұйқыдан кейінгі түзету жаттығулары мен дәрумендендіру шараларын өткізу жоспарланғаны айтылды. Балалардың қауіпсіздігі мен санитарлық талаптарды сақтау қажеттілігі ескертілді.

2-мәселе: Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшесі **М. М. Манарбекова** сөз алды. **М. М. Манарбекова** жазғы сауықтыру кезеңінде өткізілетін іс-шаралардың жоспары туралы баяндама жасады. Жаз мезгілінде балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, денсаулығын нығайту, шығармашылық және қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру мақсатында түрлі мәдени-көпшілік, спорттық және танымдық іс-шараларды тәрбиешілермен, ата-аналармен және қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесе өткізуді ұсынды.

Жоспарланған іс-шаралар:

- «Көңілді жаз мерекелік бағдарламасы»
- «Денсаулық күні» спорттық сайыстары
- Эстафеталық жарыстар мен қимылды ойындар
- Сурет байқаулары мен шығармашылық сағаттар
- Табиғат аясында серуендер мен бақылау жұмыстары
- «Таза аула» сенбілігі, балабақша аумағын көгалдандыру акциясы
- Қауіпсіздік ережелеріне арналған танымдық іс-шаралар

- Ата-аналармен бірлескен көңілді старттар ұйымдастыру.

Келесі сөз кезегін қамқоршылық кеңесінің мүшесі және «Балапан» тобының ата-анасы А. М. Абдрахман алды. Ол балалардың жазғы демалысын мазмұнды өткізу үшін белсене ат салысатынын айтты және іс-шараларды өткізу барысында балалардың өмірі мен қауіпсіздігі, санитарлық талаптар және күн тәртібін сақтауды басты назарда ұстау керектігін ескертті.

3-мәселе: Үшінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Л. Г. Сергеевна сөз сөйлеп, 2025-2026 оқу жылында атқарылған жұмыстар бойынша толық есеп берді. Есеп барысында қамқоршылық кеңесінің отырысы өткізілгені айтылды. Отырыстарда балабақшаның жұмыс жоспары мен қойылған мақсат, міндеттерімен танысу мәселелері, тамақтануды ұйымдастыруды бақылау, балабақшада науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстар, бала құқығын қорғау бойынша жұмыстар, санитарлық талаптардың сақталуы, ата-аналармен байланыс жұмыстары қаралғаны хабарланды.

Жыл ішінде келесі жұмыстар атқарылды: балабақша ауласын абаттандыру жұмыстары жүргізілді, мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды, аз қамтылған отбасылардың балаларына көмек көрсетілді. 2025-2026 оқу жылында ата-аналар мен демеушілер тарапынан ерікті түрде аз қамтылған отбасыларына азық-түлік ретінде көмек берілді. Барлық көмектер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ата-аналардың ерікті келісімімен өткізілгені айтылды.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.
2. Іс-шараларды тәрбиешілер, ата-аналар және қамқоршылық кеңесі мүшелері бірлесе ұйымдастырсын.
3. Барлық іс-шараларда қауіпсіздік ережелері қатаң сақталсын.
4. Көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары белгіленген жоспарға сәйкес жүргізілсін.
5. Іс-шаралардың орындалуын бақылау балабақша әкімшілігіне жүктелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Л. Г. Сергеевна

Хатшы:



А. М. Кожекенова

